Тақырып 7.
Лексикалық тақырып: Экологиялық мәдениет. Ұлттық экомәдениет.
Грамматикалық тақырып: Мезгіл мәнді сөйлем.

Экологиялық мәдениет

1-тапсырма . *Мәтінді түсініп оқып, мәтін мазмұнын ашатын бірнеше сұрақ дайындаңыздар.*

«Экология» термині грек тілінен «үй туралы» (қоршаған табиғи орта) ілім деп аударылады да, ол табиғатты қорғаумен байланыстырылады. Табиғаттың тазалығын, сұлулығын сақтай, қорғай отырып, оны адам қажетіне ұқыпты пайдалану дегенді білдіреді.

Экологиялық мәдениет - әрбір қоғамдағы жалпы мәдениеттің ең мәнді элементтерінің бірі болып табылады, өйткені әлеуметтік іс-әрекет ұдайы қоршаған ортаның өмір сүру талаптарымен байланысты болады. Яғни экологиялық мәдениет әлеуметтік феномен ретінде қоғам мен табиғаттың өзара қарым – қатынасын реттеу қажеттілігінен туындайды. Экологиялық мәдениет тұлғамен, оның түрлі қыр-сырымен және қасиеттерімен органикалақ байланыста болады. Ғылыми әдебиеттерде «экологиялық мәдениет» ұғымына көптеген түсінік, анықтамалар берілген. Э.В.Гирусовтың пікірінше, экологиялық мәдениет - қоғамның материалдық және рухани құндылықтардың бірлігі сондай-ақ, табиғи ортаны сақтауға бағытталған әрекеттердің бірлігі. Сөйтіп, мәдениеттің мәнін адамның өзіндік материалдық және рухани қажеттілікке жетелейтін іс-әрекетке байланысты туындайтын өнім деуге болады. Демек, экологиялық мәдениет экологияны танып-білу, мінез-құлық, жүріс-тұрыс сипаты негізінде табиғатқа сүйіспеншілікпен қарап, сақтай білу дегенді түсіндіреді деуге болады. «Экологиялық мәдениет» терминін ең алғаш рет академик Д.С.Лихачев 1980 жылы ұсынған. Оның пікірінше, адамгершілік факторынан құралған адам тіршілігінің объективті негізі-мұраларды сақтау, сол себепті мәдениет экологиясын адамгершілік экологиясы ретінде қарастырады. Оның заңдарын сақтамаған жағдайда ол-қоғамның адамгершілік, рухани жағынан құлдырауына әкеліп соқтыратындығын ескертеді. Отандық ғалым И.К.Исламованың пікірінше, экологиялық мәдениет – жалпы мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде табиғатты қорғауға, табиғат ресурстарын үнемді пайдалануға, табиғат байлықтарын қалпына келтіруге байланысты жеке тұлғаның экологиялық білімі, іскерліктері, көзқарастары, сенімнің және табиғи ортаға практикалық іс әрекетінің жиынтығы. Ғалымдардың педагогикалық ой-пікірлері бойынша, «экологиялық мәдениет» - жалпы дүниежүзілік мәдени дамуының құрамдас бөлігі және кезеңі болашақта адамзаттың дамуына игі әсер ететіні өмірдегі барлық жалпы маңызды экологиялық проблемалармен сипатталады.

(Тойбазарова Н.А. мақаласынан)

ортаның өмір сүру талаптары – требования существования среды

мәнді элементтері – значимые элементы

ұдайы байланысты – постоянно связано

анықтама – *здесь.* определение

рухани қажеттілікке жетелейтін – ведет к духовным потребностям

құлдырауы – резкое снижение, упадок

құндылықтардың бірлігі – единство ценностей

Жастар ой қозғайды.

Экологиялық мәдениет

Экологиялық мәдениет менің түсінігім бойынша біздің денсаулығымыздың және тазалығымыздың кепілі. Тұрып жатқан қаламыздың таза әрі әдемі болғанын бәріміз қалаймыз. Бірақ, өкінішке орай қала тұрғындарының әрекетінен, "қаламызды таза ұстайық" деген бос сөздері көп айтылып жатады. "Тазалық жинаған жерде емес, шашпаған жерде болады" дегендей қаламызда апта сайын сенбілік өткізіліп тұрса да, артынша қоқыстардың қайта шашылып жатқанын көреміз. Қоршаған ортаның ластануының барлығына адамдардың мәдениеті мен сана сезімінің төмендігі басты себепші болып отыр. Турасын айтқанда адамзаттың жауапсыздығы, салғырттығы. Тазалық мәселесі қаламызда тұрып жатқан тұрғындардың барлығына қатысты. Кейбір тұрғындар барлығын мемлекеттік органдар жасауға тиіс деген пікірді қалыптастыра отырып, балаларына да сондай тәрбие береді. Әр азаматты тазалыққа тәрбиелеу отбасынан басталуы тиіс. Өздері тазалайды деген пікірден аулақ болып, қолынан келетін шаруаны тындыра салса, бұл тәрбиелеп отырған ұл-қыздарына да үлгі болады. Әр тұрғын өзінің тұратын үй-жайының айналасын таза ұстап, артық қалдықтарды шашпай, ұқыпты болсақ, қаламыздың таза әрі көрікті мекенге айналуына кішкене болса да үлес қосар едік.Тазалық сақтамау түрлі сырқаттарға әкеледі. Қаншама микроб ауа арқылы денсаулыққа зиян келтіреді.

Қорытындылай келе өз денсаулығымыз мықты болсын десек, қоршаған ортаның тазалығына аса мән беріп, назар аударайық. Жүректерінде табиғатқа деген мейірімділік, қамқорлық сезімдерін ояту әрбір азаматтың борышы. Суын ішіп, ауасын жұтып, топырағын басып жүрген туған қаламызды аялап, қадірлеуді білсек жеткілікті.

Интернет беттерінен, авт. Анесова Аяжан.

2-тапсырма . *Сіз Айжанның пікіріне қосыласыз ба? Өз ойыңызды ортаға салыңыз.*

Экологиялық мәдениет – Адам мен табиғаттың арасындағы еркін (залал келтірмейтін) қатынастардан туындайтын мәдениет.

Мезгіл мәнді сөйлем.

Мезгіл мәнді сөйлемдер мезгіл үстеулері, септеулік шылаулар,

-ғанда, -генде, қанда, -кенде және т.б. грамматикалық тіркестер арқылы жасалады.

Мезгіл үстеу қимылдын, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін білдіреді де, қашан? қашаннан? деген сұрақтарға жауап береді.

Мысалы: бүгін, былтыр, биыл, ертең, таңертең, кешке, қазір, енді, бұрын, ендігәрі, күндіз, ертеден, бүрсігүні, күні бүгін, қыстай, ала жаздай, бағана, күні-түні, қыстыгүні, әлгінде, таңсәріде, баяғыдан, т.б.

Мезгіл үстеуі етістікпен тіркесіп қолданылады. Мысалы: бүгін келді, ертең барады, таңертең тұрады, бұрын жүрді, күні бойы дайындалды, күні-түні оқиды, жазғытұрым келеді т. б.

Дейін, шейін, таман, қарай, кейін, соң т.б. септеулік шылаулар арқылы жасалады. Мысалы: түске дейін, көпке шейін, таңға таман, кешке қарай, сабақтан соң, жұмыстан кейін т.б.

ғанда, -генде, қанда, -кенде және т.б грамматикалық тіркестер арқылы:

Мысалы: Ата- ананың қадірін балалы бол*ғанда* білерсің. Ол таң ат*қанда* бір-ақ келді. Барлығын түсін*генде* ғана ол анасын кешірер.

Қызықты деректермен танысыңыз.

ТАБИҒАТ ҚҰПИЯСЫ

Ата-бабаларымыз тіпті аң-құстар арқылы да айналадағы құбылыстардың сырын аңғарып, құпиясын ұға білген. Бізге жеткен ата ұрпақтың пайымдауы бойынша мысалы, шағалалар көл үстінде ұшып жүріп тоқтаса, артынша ауа райы бұзылады. Ал егер шабақ балықтар су бетіне шығып қайта сүңгіп жүрсе, онда ізін суытпай жаңбыр болады. Ашық күнде қарлығаштар ұшып, жүруін тоқтатса, онда көп ұзамай дауыл тұрады. Жазда шегірткелер шырылын тоқтатып, жым-жылас болып айналада тыныштық орнаса, онда жеделғабыл жаңбыр жауады. Қыста ақбөкендер жайылымын тастап, басқа жаққа жосылып кете бастаса, немесе сексеуіл тоғайы мен құм төбелерді паналаса, онда ол жерде көп ұзамай боран соғады, көктемнің бірінші жаңбырында күн күркіресе, шөп шүйгін шығады, күн батарда аспанның солтүстігі қоңырқай тартса жел тұрады; күн бұлтқа батса, келесі күні жауын-шашын болады, ашық батса – күн ашық болады.

Осылайша қазақ халқы өз жерінің табиғатын, онда болатын құбылыстарды жақсы біліп, осыған орай өз әрекеттерін алдын ала болжап отырған.

3-тапсырма . *Жоғарыда берілген мәтінді пайдалана отырып, сөйлемдерді мағынасына қарай аяқтаңыз.*

1. Айналадағы құбылыстардың	дауыл тұрады
2. Шабақ балықтар су бетіне шығып қайта сүңгіп жүрсе	шөп шүйгін шығады
3. Қарлығаштар ұшып, жүруін тоқтатса	... құпиясын ұға білген.
4. Көктемнің бірінші жаңбырында күн күркіресе	... келесі күні жауын-шашын болады
5. Қыста ақбөкендер басқа жаққа кете бастаса,	... жаңбыр жауады.
6. Күн бұлтқа батса	... көп ұзамай боран соғады